

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 8 қарашадағы № ДС-383

Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Қазфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «Қазфосфат» ЖШС) фосфор өндірісі қалдықтарының (фосфогипс) салдарынан болған экологиялық проблемаларды шешу бойынша тиісті шараларды қабылдауға қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Фермерлерге фосфогипсті тасымалдау кезіндегі көлік шығыстарын субсидиялауға, сондай-ақ фосфогипс экспортының әлеуетті нарықтарына зерттеу жүргізуге және оны кедендік төлемдерсіз өткізу туралы шешімдер қабылдауға қатысты

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен салаларын субсидиялау оларды дамытуды экономикалық ынталандыру ретінде жүзеге асырылады.

Бюджет заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, мемлекеттік функцияларды орындаудың және республиканың немесе өңірдің дамуының әлеуметтік-экономикалық міндеттерін іске асырудың басқа да тәсілі болмаған кезде ғана жеке және заңды тұлғаларға, соның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтарына берілетін бюджеттен қайтарымсыз төлемдер бюджеттік субсидиялар болып табылады (Бюджет кодексінің 35-бабы).

Ауыл шаруашылығында фосфогипс орташа және жоғары сілтілі реакциясы бар тұзды топырақты химиялық мелиорациялау үшін қолданылады. Ғылыми тұрғыдан алғанда, суперфосфатты немесе аммофосты қосымша пайдаланбай, фосфогипсті қолдану ерітіндінің сілтілі реакциясы бар топырақты қышқыл топыраққа айналдырады. Фосфогипсті бақылаусыз қолдану топырақтың тотығуына, өсімдіктердің күйіп қалуына және қоршаған ортаға келтірілетін теріс құбылыстарға әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты фосфогипс ілеспе өнім болғандықтан, оны тасымалдауды субсидиялау мәселелері қолданыстағы заңнамада көзделмеген.

Экологиялық заңнамаға сәйкес қалдықтарды түзушілер болып табылатын кәсіпкерлік субъектілері оларды тиісінше басқаруды қамтамасыз етуге жауаптылықта болады.

Жоғарыда баяндалғанды негізге алсақ, фосфогипс қалдықтарын түзуші «Қазфосфат» ЖШС қалдықтарды экологиялық қауіпсіз тұрғыда басқаруды, сондай-ақ оларды өз бетінше, сол сияқты мамандандырылған кәсіпкерлік субъектілеріне беру арқылы оларды кәдеге жаратуды қамтамасыз етуге, оның ішінде жоюды қаржыландыру мәселелерін шешуге міндетті.

Бұдан басқа, Сауда және интеграция министрлігі отандық экспортқа бағдарланған өндірушілерді ынталандыру мақсатында өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін ілгерілетуге, сондай-ақ отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға жеткізуге байланысты шығындарының бір бөлігін өтей отырып, мемлекеттік қолдау шарасын көрсетеді.

Субъектілерге шығындардың бір бөлігін өтеу жөніндегі мемлекеттік қолдау шаралары басым тауарлар тізбесіне (*бұдан әрі – тізбе*) сәйкес ұсынылады (*Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 ж. 30.05. № 306 бұйрығы*).

Фосфогипс шикізат тауарына жататындықтан, ол тізбеге кірмейді, соған байланысты ынталандыру шаралары қолданылмайды.

Фосфогипсті өнеркәсіптің басқа да салаларында кеңінен қолдануға және Арал теңізі түбінің құрғатылған өңірлерінде пайдалану тәжірибесін зерттеп, қаржыландыру мүмкіндігін қарастыруға қатысты

Фосфогипсті өнеркәсіптің басқа салаларында кеңінен қолдану мақсатында тиісті жұмыс жүргізілуде.

Атап айтқанда, «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы автокөлік жолдары жабынының конструктивті қабаттарында фосфогипс қалдықтарын қолдану бойынша зертханалық зерттеулер жүргізіп, республикалық маңызы бар «Павлодар – Успенка – Ресей шекарасы» автомобиль жолын жөндеу кезінде КМ 32+950 КМ 32+837 учаскесінде тәжірибелік учаске айқындалған болатын.

Нәтижесінде фосфогипс қалдықтарын I-V техникалық санатында автомобиль жолдарының күрделі және оңайлатылған типінің негізгі қабатында қолдану ұсынылып, олар жаңа технологиялар мен жол-құрылыс материалдарының тізіліміне енгізілді.

Бұдан басқа, «Қазфосфат» ЖШС Тараз өңірлік университетімен бірлесіп фосфогипстен құрылыс материалдарын өндіру, сондай-ақ ресейлік серіктес «УралХим»-мен бірлесіп фосфогипсті термиялық өңдеу бойынша эксперименттік қондырғыда алғашқы сынақтар жүргізуде.

Сондай-ақ «Қазфосфат» ЖШС-нің қаржыландыруымен «Арал маңының қазақстандық бөлігінде және Арал теңізінің құрғаған түбінде фитоорман мелиорациясы жұмыстарын жүргізу кезінде фосфогипсті қолдануды негіздеу жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмысы» жобасын іске асыру үшін 2024 жылы «Қазақ Су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС мен Қазақстан Республикасындағы Аралды құтқару халықаралық қорының Атқарушы дирекциясы арасында шарт жасалды.

Жоба шеңберінде төрт тәжірибелік учаскеде (*жалпы ауданы 4 га*) ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде (*2024 – 2026 жылдар*).

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің (*бұдан әрі – ЭТРМ*) тапсырысы бойынша екпе ағаштардың өміршеңдігін арттыру үшін Ә.Н. Бөкейхан атындағы

Қазақ орман шаруашылығы және агроорман мелиорациясы ғылыми-зерттеу институты ұзақ уақыт бойы Арал теңізінің құрғаған түбіндегі орман мелиорациясы жұмыстары бойынша зерттеулер жүргізді.

Үш жыл бойы ауыр топырақта фосфогипсті қолдану, содан кейін қара сексеуіл отырғызу бойынша эксперименттер жүргізілді.

Нәтижесінде қара сексеуіл отырғызылған, мелиоранттар пайдаланылмаған бақылау учаскелерінде тіршілікке қабілеттілік деңгейі эксперименттік учаскелерден кем болмады.

Есептеулер бойынша 1 гектар сексеуіл екпелерін жасау бойынша жұмыстың құны 13,6 мың теңгені, ал фосфогипсті қолданған кезде оның құны 44,0 мың теңгені құрайды.

Осылайша, ЭТРМ мен еліміздің орман шаруашылығы саласындағы ғалымдары фосфогипсті орман шаруашылығында қолдануды экономикалық тұрғыдан орынсыз деп санайды.

Жамбыл облысының 2023 – 2026 жылдарға арналған экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі жол картасының (бұдан әрі – Жол картасы) орындалуына бақылауды күшейтуге және оны толықтыруға қатысты

ЭТРМ-нің ақпаратына сәйкес Жол картасының тармақтарын іске асыру шеңберінде 2024 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша 173,1 мың тонна көлеміндегі фосфогипс кәдеге жарату үшін жөнелтілді, оның ішінде бұрынғы карьерлердің орнын толтыру үшін – 150,0 мың тонна, ауыл шаруашылығында (мелиорант және тыңайтқыш ретінде) қолдану үшін – 16,9 мың тонна, цемент өндірісі үшін – 6,2 мың тонна.

Қазіргі таңда «Қазфосфат» ЖШС рекультивациялық іс-шараларды жүргізу бойынша (топырақтың құнарлы қабатын пайдаланып жабу және шаңсыздандыру үшін көшеттер егу) жұмыс жобасын әзірлеу және оны 2025 жылы сараптамадан өткізуді жоспарлап отыр.

Бұдан басқа, Жамбыл облысы Жаңатас және Қаратау қалаларындағы пайдаланудан шыққан карьерлердің орнын толтыруды зерделеу жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ғылыми институттарды тарту көзделуде.

Осыған байланысты Жамбыл облысының әкімдігіне Жол картасында көзделген іс-шаралардың уақтылы әрі сапалы орындалуын бақылау және қажет болған жағдайда тиісті мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп оны өзектілендіру жөнінде тапсырма берілді.

Жалпы табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің бақылауында.

О. Бектенов

Орынд.: Е.Қ. Сәрсенбаев

Тел.: 75-00-27